Жүрек-қан тамырлары аурулары. Статистика мәліметтеріне жүгінсек, еліміздегі өлім-жітімнің 26%-ы осы себептен орын алады екен. Жүрек-қан тамыры аурулары әлемнің көптеген дамыған елдерінде денсаулық сақтау саласындағы басты проблемаларының біріне айналып отырғаны жасырын емес. Ол көбіне ересек адамдарды не мүгедектікке шалдықтырады, немесе өлімге әкеліп

соқтырады. Жалпы өлім-жітімнің 52 пайызын жүрек-қан тамыры аурулары құрайды. Жыл сайын осы ауру салдарынан Қазақстанда 80 мың кісі осы аурудан көз жұмады. Әсіресе, соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім тым жиілеп барады.

Қатерлі ісік – 13%. Бұл – саркома (лат. cancer, carcinoma және грек. karkinos – шаян, краб) – тіндердің айналасында өсіп, олардың қызметін бұзатын ісіктер. Осы ісіктердің жайылуынан организмде метастаз процесі басталады.

Жарақаттар – 11%. Жарақат әр түрлі болады (денеге бөгде заттың кіріп кетуі, не кесіп кетуі, тістің орны, оқ тию т. б.). Дене жарақаттанғанда сүйек, қан тамырлары мен нервтер зақымдануы мүмкін. Біздегі өлімге себепші болып отырған жарақаттардың ішінде көлік апаты кезіндегі ауыр жаралану жиі кездеседі екен.

Миокард инфаркты – 5,5%. Миокард инфаркты дегеніміз – коронарлы қан айналымы жетіспеушілігінің әсерінен жүрек бұлшық етінде бір немесе бірнеше ишемиялық некроз ошақтарының пайда болуымен сипатталатын жүректің жедел ишемиялық ауруы. Миокард инфаркты соңғы жылдары өршіп, әсіресе жас буын мен орта жастағы азаматтар жиі ұшырайтын болды. Әйелдерге қарағанда ер адамдарда көп кездеседі. Инфаркт проблемасы әлі толық шешілген жоқ және бұл аурудан өліп кетушілердің саны барған сайын өсіп отыр.

Жүктілік және бала өлімі – 3,6%. Елімізде бір тәулікте 800-ге жуық сәби дүние есігін ашады. Алайда, бала өлімі азаймай отыр. Әр жыл сайын мыңнан астам шарана бақилық болып жатыр. Ана мен бала өлімі қанша азайды десек те, бәрібір адам өліміне себепші фактордың бірі ретінде қалып отыр.

Қорытындылай келе, уақыт өткен сайын халық саны өсетіні белгілі. Халықтың өсуі мен кемуі қатар жүреді. Дегенмен, болашақта өлім деңгейі төмендейдітіні айқын. Себебі, уақыт өткен сайын медицина дамып, алға қадам басуда. Бүгінгі статистикалық мәліметтерге сүйенсек. Өлім деңгейі өте баяу қарқынмен кеміп келеді.

Әдебиеттер:

1. Мұханбетова С.М. Статистика–Алматы: Дәуір, 2011.
2. Әміреұлы Ы., Заманбеков Ш.З., Бейсекова Ж.Ы., Киіков Е.М. Статистика. –Алматы. ҚазМемҚызПУ, 2010.
3. Шокаманов Ю.К., Бельгибаева К.К. Статистика. –Алматы: Экономика, 2008.
4. Авров А.П., Аврова Ю.П. Общая теория статистики. –Алматы, 2009.
5. www.stat.gov.kz

Есмурзина Х.К., Архипова К.А. 2 курс (КарГУ им. академика Е.А. Букетова)
Научный руководитель – к.э.н., доцент Кабдыбай А.К.

ПРОБЛЕМЫ ЭМИГРАЦИИ ГРАЖДАН. ВЛИЯНИЕ ДАННОГО ПРОЦЕССА НА ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Вопрос эмиграции граждан с территории Казахстана на сегодняшний день остро стоит на повестке, тем самым определяя серьезные демографические проблемы государства, которые априори влияют на экономику. Не лишена логики такая известная фраза, как «Люди – это главный актив современного государства», ведь именно их труд является одним из основных катализаторов развития экономической, трудовой, культурной, технологической, а так ряда иных сфер. Актуальность данного тезиса доказывают высокие темпы роста экономики таких государств, как Индия и Китай, которые аккумулируют на своей территории суммарно около трёх миллиардов человек, которые способствуют их бурному развитию.

Терминологический аспект исследования составляет понятие «Эмиграция», которое дано в словаре Ожегова – это вынужденное или добровольное переселение из своего отечества в другую страну по политическим, экономическим или иным причинам[1]. Сама возможность осуществления данного процесса стала широко практикуемой на территории постсоветского пространства после событий, произошедших в 1991 году. К числу таковых относилась и возможность свободного перемещения не только по территории государств бывшего СССР, но и европейских, уровень жизни в которых разительно отличался от привычного на территории Советского союза. Совокупность данных тезисов привела к резкому росту числа эмигрантов с территории Казахстана, который, в частности продолжается и на сегодняшний день.

Агентство «Ранкинг» предоставило статистику за 2019 год, согласно которой территорию Казахстана покинуло около 34,2 тысяч человек, что на 2,6 тыс. человек больше, нежели за предыдущий год.

Для чёткого определения проблем, в связи с которыми люди стараются эмигрировать из Казахстана, необходимо в первую очередь определиться с тем, какие страны пользуются наибольшей популярностью в данном вопросе. Согласно статистике, которую предоставила компания «Финпром Казахстан», наибольшей популярностью пользуется Российское направление. Так, на примере 2018 года можно чётко прослеживается, 90% эмигрировавшего населения Казахстана выбирает именно страны СНГ, что связано в первую очередь с географическим и ментальным критериями. Из всех стран данного блока, наибольшей популярностью пользуется именно Российская Федерация, ведь согласно данной статистике, 97,5% населения, которое эмигрирует в пределах постсоветского пространства, выбирает именно данную страну.

Для того, чтобы разобраться в причинах эмиграции из Казахстана, было выбрано именно Российской направление. Одной из первых и ключевых проблем, способствующих эмиграции является именно экономический фактор, ведь каждый человек стремится к экономической независимости, чего невозможно добиться при низком уровне заработка. Безусловно Российская Федерация не является передовым государством по данному вопросу, а также социальным гарантиям, однако, производя сравнения с Казахстаном, мы можем отметить безусловно позитивные сдвиги. Так, согласно ФЗ "О внесении изменений в статью 1 Федерального закона "О минимальном размере оплаты труда" от 27 декабря 2019 года, минимальный размер оплаты труда (далее – МРОТ) был установлен в размере 12 тысяч 130 рублей. В Казахстане же, на 2020 год было определено, что минимальный размер заработной платы составляет 45 тысячи 500 тенге, что в пересчёте на рубли – 7 тысяч 132 рубля 9 копеек [1].

Просто невозможно не затронуть такой объективный критерий, как численность населения. В Казахстане согласно данным последней переписи, граждан насчитывается – 18 миллионов 611 тысяч 100 человек, а в Российской Федерации 146 миллионов 745 тысяч 98 человек. Столь большая разница говорит о том, что в стране гораздо проще найти работу или же создать своё дело, ведь фактор населения является одним объективных критериев экономической устойчивости, а так же инвестиционной привлекательности для других государств. Эмигрируя в Россию или любую другую Европейскую страну, граждане априори получают возможность, во-первых найти работу с более высоким достатком, а во-вторых, получить большие социальные и экономические гарантии государства. Также должны учитываться факты о программе переселения этнических русских обратно в Россию, где их семьям предоставляют жильё и помогают в процессе трудоустройства. И с 1 января 2020 года размер материнского капитала был увеличен до 466 тысяч 616 рублей за второго ребенка (или последующих детей) [2].

Вместе с тем, экономика Казахстана несёт значительные убытки ввиду процесса эмиграции, ведь государство покидают сплошь образованная и квалифицированная часть общества. Черных И.Н. отмечает, что высок уровень эмиграционной мобильности лиц с высшим образованием: в 2017 лица с высшим образованием (11 290 человек) составили 29,9% из общего числа выехавших из Казахстана, то есть почти каждый третий эмигрант. Из общего числа въехавших в страну высшее образование имели 2 736 человек, или всего 17,5% (каждый шестой).

Литература:

1. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. — 4-е изд., М., 1997. — 789 с.
2. Громцев Олег Владимирович Некоторые аспекты правового регулирования международной трудовой миграции в России // Общество. Среда. Развитие (Terra Humana). 2013. №3 (28).

АКТУАЛЬНОСТЬ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО КАЛЬКУЛИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ

Функциональная калькуляция себестоимости затрат или метод ABC является современным методом расчета затрат, где учет затрат осуществляется по видам деятельности.

В зарубежной практике управленческий учет ориентирован на две существенные задачи, а именно: оценку товарно-материальных запасов и определение финансовых результатов, а также обоснование и контролирование управленческих решений.

В реалиях нашей экономики преимущественным был подход, который подразумевал собой выполнение задач по оценке товарно-материальных запасов и исчислению себестоимости. Считалось, что другие управленческие решения можно было легко обосновать, однако зарубежный опыт показал, что это не так. Для предприятий важны бенчмаркинг и реинжиниринг процессов внутри предприятия, так и снаружи, а это требует того, чтобы объектами затрат были виды деятельности предприятия, а не продукция или услуга.

Этот метод достаточно актуален на современном этапе, так как рынок требует от предприятий четкого учета затрат для повышения прибыли и эффективности работы предприятия, ведь нужно учитывать не только определенную ставку для всех подразделений предприятия, а также затраты по видам деятельности и определять количество потребляемых ресурсов. Поэтому функциональное калькулирование больше всего подходит для предприятий, имеющих разнообразную продукцию с значительным количеством накладных расходов [1].

Функциональный метод калькулирования себестоимости имеет свои достоинства и недостатки.

В ряд преимуществ данного способа можно отнести то, что с помощью функционального калькулирования можно получить наиболее надежные и точные данные для принятия управленческих решений по управлению расходами предприятия, концентрируя внимание на определенных видах деятельности, что позволяет узнать, откуда на самом деле возникают расходы. Далее, опираясь на полученную информацию, можно рассмотреть возможности устранения недостатков.

Данный способ также помогает избегать нежелательные искажения необходимой информации по себестоимости продаваемой продукции, которые возникают при исчислении себестоимости по традиционному методу, где затраты вычисляются по базе общепринятых показателей.

Функциональный метод калькулирования помогает предприятию уделить наибольшее внимание своему клиенту, узнать какие виды деятельности увеличивают затраты и как эти затраты влияют на себестоимость продукции. Данный анализ позволяет подробно исследовать отдельные виды деятельности и изыскать пути уменьшения неэффективности ресурсозатрат.

В качестве же недостатков функционального калькулирования можно отнести то, что данную систему очень сложно внедрить на предприятие и это достаточно затратная система калькулирования себестоимости. Есть множество историй внедрения этой системы на различных крупных зарубежных компаниях, где потребовалось большое вливание средств, множество консультаций, а также трудовых ресурсов и это насторожило отдельные компании, которые хотели использовать этот метод [2].

Метод функционального калькулирования требует того, чтобы все его положения исполнялись, и он не дает молниеносного результата, так как данный метод рассчитан на долгосрочное будущее. Многие менеджеры, изменяя технику расчета себестоимости, неоправданно обвиняют в несоответствии ожиданиям полученные результаты, когда для исчисления себестоимости современным методом необходимо менять не только порядок расчета, но изменять и менталитет, который рассчитан больше на краткосрочное будущее.

Третий недостаток может быть большим, так как метод функционального калькулирования может не соотноситься с международными стандартами финансовой отчетности. Данному методу присуще сопоставление с продукцией многих непроизводственных накладных затрат. Это приводит к тому, что многие предприятия используют функциональное калькулирование у себя внутри, а для внешней отчетности используют традиционные способы исчисления себестоимости.

Разумеется, что метод функционального калькулирования предоставляет достаточно существенную информацию для исчисления себестоимости продукции. С помощью данного метода можно увеличить рентабельность предприятия, расширяя производство продуктов с большим объемом выпуска, отвергая производство новых продуктов, которые выпускаются малыми объемами.

Также полученная информация по данному методу может помочь менеджерам значительно сократить свои затраты по определенным видам деятельности.

Резюмируя, следует отметить, что метод функционального калькулирования предоставляет множество необходимых данных о видах деятельности, а также о ресурсах, которые эти виды деятельности потребляют. Система функционального калькулирования представляет собой не просто метод распределения накладных расходов, но метод, который используется в функциональном менеджменте, стратегическом планировании, логистике. Данный метод – это долгосрочная перспектива, направленность данной перспективы в хорошую или плохую сторону зависит уже от правильности принятых управленческих решений

Литература

1. Друри К. Введение в управленческий и производственный учет. - М. : Аудит:ЮНИТИ, 1998. - 774с.
2. Алданиязов, К. Н. Управленческий учет и анализ. - Алматы : Юрид. лит., 2008. - 364 с/

Игенбаева А.Ж., 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.м, аға оқытушы Садуакасова М.Б.

ҚОРЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тауарлы-материалдық құндылықтарда қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылау фирманың табысты жұмысының қажетті шарты болып табылады.

Жоғалтулар есебі, біріншіден, жоғалтулар мөлшерін анықтау; екіншіден, себептер мен кінәлілерді анықтау; үшіншіден, өтеуге қажет сомаларды анықтау үшін қажет. Экономикалық әдебиеттегі жоғалтулар деп, әдетте, өндірістік емес жоғалтулар түсіндіріледі. Бұл ретте өндірістік емес жоғалтулар -бұл технология мен өндірісті ұйымдастырудағы, мүлікті сақтау жүйесіндегі кемшіліктерден, сондай-ақ сыртқы мән-жайлардан туындаған және табыс әкелмейтін шығыстар[1].

1 кестеде жоғалтулар себептері келтірілген.

Кесте 1

Жоғалтулардың пайда болу себептері

Жоғалтулардың түрлері	Себептері
1.Жеткізушілерден тауарларды қабылдау кезіндегі жетіспеушілік	Тасымалдау нәтижесінде пайда болған шығындар(ауа райы жағдайлары, авария, сапасыз орау), табиғи кему
2.Табиғи кему түріндегі жоғалтулар	Тауардың биологиялық және физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі салдарынан оның сапасы сақталған кезде оның салмағының жоғалуы
3.Тауар-материалдық құндылықтарды сақтау кезіндегі жоғалтулар	Тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтау кезіндегі жетіспеушіліктер және бүлінулер
4.Тоқтап қалудан және ақаудан жоғалтулар	Жабдықтар мен жұмысшылардың тоқтап қалуынан туындаған шығындар, ақаулы өнім шығару нәтижесіндегі шығындар
5.Өндіру және тасымалдау кезіндегі технологиялық жоғалтулар	Өндіріс және тасымалдау технологиясына негізделген жоғалтулар
6.Төтенше жағдайлар нәтижесіндегі жоғалтулар	Табиғи апаттардан және төтенше жағдайлардан туындаған жоғалтулар (өрт, су тасқыны)

Төменде қорларға байланысты типтік шоттар корреспонденциясы берілген:

- 1.Түгендеу нәтижесінде материалдар бойынша жетіспеушіліктің анықталуына: Дт 1270 Кт 1310.
 - 2.Жетіспеушіліктің қызметкердің мойнына жатқызылуына: Дт 1250 Кт 1270.
 - 3.Нормадан тыс жетіспеушіліктің есептен шығарылуына: Дт 7480 Кт 1270 [2].
- 2-кестеде технологиялық жоғалтулардың жіктелуі жинақтылып, көрсетілген.

Кесте 2
Технологиялық жоғалтуларды жіктеу

Белгілері	Сипаттамасы
1.Шаруашылық процестері бойынша	Тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алу кезінде, өндіріс және өткізу сатысында технологиялық жоғалтулар жіктеледі.
2.Пайда болу орындары бойынша	топтастыру бір жағынан қызмет түрлеріне, өндірістік процестің сипатына, кәсіпорынның ұйымдық құрылымына, ал екінші жағынан – басқару шешімдерін қабылдау кезінде пайдаланушылардың ақпаратқа деген қажеттіліктеріне және оны құрудың ұтымдылығына байланысты болады.
3.Оңтайлылық дәрежесі бойынша	технологиялық жоғалтулар нормативтік және нормативтен тыс болып бөлінеді. Нормативтік технологиялық ысыраптар – бұл технологиялық негізделген нормалар шегіндегі, нормативтен тыс ысыраптар-нормалардан асатын ысыраптар.

Қорытындылай айтқанда, технологиялық шығындарды анықтау тәртібін ұйымның есеп саясатында бекіту қажет. Ұйым мамандары нақты технологиялық шығындардың көлемін үнемі бақылап отыруға тиіс. Егер асып кету орын алса, онда ол талдануы тиіс. Мұндай асып кету, мысалы, өндіріс процесінде сапасыз шикізатты пайдаланған немесе технология бұзылған жағдайда мүмкін. Іс жүзінде жүргізілген жоғалтулардың жоспарлы көрсеткіштерден үнемі асып кеткен жағдайда технологиялық ысыраптардың нормаларын қайта қарау керек. Технологиялық жоғалтуларды есепке алудың қарастырылған тәсілі ұйымдарға нормативтен тыс жоғалтуларды уақтылы анықтауға және олардың туындау себептерін айқындауға мүмкіндік береді, бұл технологиялық жоғалтуларды төмендету және өнімнің өзіндік құнын төмендетудің жасырын резервтерін анықтау бойынша тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Мырзалиев Б.С., Әбдішүкіров Р.С. Бухгалтерлік есепті үйренудің әдістемелері Алматы 2017
2. Ахунова, Д.З. Бухгалтерлік есеп негіздері: оқу құралы.- Семей, 2016

Кайроллаев Р.А., 4 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Хишаева Ж.Т.

ҚОРЛАРДЫҢ ЕСЕПКЕ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өндірісте қорлардың есебінің дәл қазіргі кезде елімізде өзектілігі күннен күнге артуда. Бухгалтерлік есепте қорларды есепке алуды дұрыс жүзеге асырып, олардың маңыздылығын түсіну керек. Бұл тақырыптың қазіргі кезде өзектілігі артып отыр.

Оны шешу үшін төмендегі мәселелерге көңіл бөлу керек:

- қорларды тиімді қолдануды жақсарту әдістерін таңдау;
- өндірісте қорларды тиімді пайдалану мен оларға аудиторлық тексеру жолдарын жетілдіру;
- дайын өнімдер мен тауарлар бәсекелестікке төтеп беру үшін сапасын жақсартып, оларға жұмсалған шығындарды бақылау ;
- тауарлар мен дайын өнімдерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;
- өнімдердің өзіндік құнын төмендету жолдарын қарастыру және сапасын арттыру;
- қорлар есебін дұрыс жолға қойып, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауда өнім түрлеріне қарай тиімді әдістерін таңдау және есеп саясатына енгізіп отыру.

Кәсіпорында қорларды есепке алудың сауатты жүйесін құру өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, сауда үстеме бағасының мөлшерін арттыруға және өндірілетін өнім бағасын бәсекелестік басқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта материалдық - өндірістік қорларды есепке алу өзекті және маңызды, өйткені қазіргі экономикалық жағдайда қорларды тиімді әрі мақсатты пайдалану нәтижесінде фирманың табысты қаржы – шаруашылық қызметіне әсерін тигізеді.

Қорлар өндіріс саласына қызмет көрсетеді және оның материалдық негізі болып табылады. Олар өнім өндіру процесін қамтамасыз ету, құнды қалыптастыру үшін қажет.

Кәсіпорындағы қорлардың есебі өзіне қорлардың бағалануы және жіктелуі, қорлардың өндірістік өзіндік құнды тудыратын және өндіріспен байланысты шығындар есебін қосатын қорлар есебінің тәртібін анықтау негізгі мақсаты болып табылатын 2 «Қорлар» ҚЕХС сәйкес ұйымдастырылады.

Қорлар – бұл соңғы тұтынушыға сатылған кезге дейінгі нарықтағы (айналым саласындағы) қоғамдық өнімнің бөлігі. Қорлардың міндеті – бұл толассыз өндіріске және үзіліссіз өткізуге кепіл болу.

Қорлардың маңызды бөлігін өнімді дайындау, жұмысты және қызмет көрсетуді орындау кезінде пайдаланылатын материалдық құндылықтар құрайды.

Қорлардың түсуі мен шығыны тұрақты негізде есептеліп отырады, яғни қорлардың қозғалысын бақылап отыру үшін әр күн сайын орындалады. Қорлардың әрбір атауына жеке шот жүргізіледі. Сатып алу осы шоттардың дебетінде көрсетіледі. Қорлардың кез келген түрі өндіріске берілетін болса, соған сәйкес қор шоты аударылған қорлар сомасына кредиттеледі. Дәл осы сома өткізілген өнімнің өзіндік құны шотында дебеттеледі.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі барысында өздерінің өндірген дайын бұйымдары, сату үшін сатып алған тауарлары, сатып алған бірақ әзір ұйымға келіп түспеген тауарлары (жолдағы тауарлар), аяқталмаған өндіріс, басқаларға көрсеткен қызметтері, сондай-ақ жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету барысында пайдалануға арналған қосалқы бөлшектері, отындары, ыдыс және ыдыстық материалдары, жартылай фабрикаттар және басқа да материалдары сол ұйымның тауарлы-материалдық қоры түріндегі ағымдағы активі болып табылады.

Олардың өндіріс құралдарынан өзгешелігі, өндіріс құралдары шаруашылық үдерісіне ұзақ уақыт қатысып, өздерінің табиғи пішінін сақтай отырып өндірілетін өнімге өз құнының бір бөлігін қосып отыратын болса, еңбек заттары өндірісте пайдаланылған кезде өздерінің бастапқы құнын түгелдей өндірілетін өнімге ауыстырады. Шығарылатын өнімнің, атқарылатын жұмыстың өзіндік құнның көп бөлігі еңбек заттарының құнынан тұрады. Сонымен қатар еңбек заттары өндірістік қор болып табылады.

Жақсы және дұрыс ұйымдастырылған есеп материалдардың түгел сақталуына, үнемді пайдаланылуына көмегін тигізеді. Материалдардың түгел және дұрыс сақталуы, сондай-ақ ұтымды пайдаланылуы, жұмсалуды үшін алдын ала мыналарды жасау қажет:

- тиісті түрде жабдықталған материалдық-қорларды сақтайтын қойма немесе бөлме болуы қажет және бөлмелердің әрқайсысы материалдардың белгілі бір түрін сақтауға арналған болуы керек;
- материалдар қойманың әр бөлігінде өздерінің түрлері, сорттары, өлшемдері бойынша керекті кезінде тез алуға және босатқаннан кейінгі кезде қалдығын тексеруді қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылуы керек.

Материалдардың есебін дұрыс және ұтымды ұйымдастыру үшін мыналар керек:

- материалдардың бірінғай номенклатурасы мен жоспарлы есеп айырысу бағасын белгілеу;
- құжат айналымының дәл жүйесін белгілеу және материалдарды есепке алу мен есептен шығару операциялардың тәртібін сақтау;
- бірінғайланған алғашқы есеп құжаттары нысандарының түрлерін белгілеу және олармен ұйымның барлық бөлімін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. № 2 қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты (IAS)
2. Қ.К. Кеулімжаев, Н.А. Құдайбергенов. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері – Алматы: Экономика, 2006. – 174 б.
3. Нурсейтов Э.О. Бухгалтерский учет в организациях: Учебное пособие. -Алматы, 2006.-472с.

Қабыкен К.Қ., 4 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Хишаева Ж.Т.

БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЕҢБЕКАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Бюджеттік есепке алу мемлекеттік экономиканың жұмыс істеуінің үздіксіздігі мен орнықтылығын қамтамасыз ететін ерекше ақпараттық-техникалық жүйенің функцияларын орындайды.

Еңбекақы төлеу шығындары кез-келген экономикалық субъект шығыстарының ең маңызды баптарының бірі болып табылады. Еңбек және жалақы есебі бухгалтер жұмысының ең жауапты және

көп еңбекті қажет ететін бөлігі болып табылады. Бұл бөлімдегі бухгалтерлік жұмыс ақпаратты жинау мен өңдеудің реттелген жүйе түрінде көрсетіледі, оның ішінде: тіркеу, талдау, өлшеу, бақылау, үздіксіз есептеу.

Бюджеттік бағдарламаларға негізгі қызметі бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарлары негізінде бюджет қаражаты есебінен толық қаржыландырылатын ұйымдар жатады. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды қаржыландыру және бюджеттік мекемелер үшін көзделген тәртіппен бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу міндетті шарт болып табылады.

Экономикалық реформалар жылдарында бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты жағдай едәуір шиеленіскен. Бюджеттік ұйымдар шаруашылық жүргізудің кез-келген жүйесі мен мемлекеттік құрылыстың кез-келген моделі кезінде өндірістік және қаржылық-экономикалық қатынастардың маңызды субъектілері болып табылады.

Бюджет саласындағы қызметкерлердің жалақы деңгейі - бұл мемлекеттік бақылауға алынған мәселе. Сондықтан жалақы тақырыбы мемлекеттің әлеуметтік саясатында шешуші болуға тиіс.

Бюджеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алу және жалақы беру ерекшеліктеріне жатады:

- бюджеттік сыныптама ерекшеліктері бөлігінде есепке алуды ұйымдастыру;
- шығындарды қаржыландыру жоспарларының орындалуын бақылау;
- есепте қасалық және нақты шығыстарды бөлу;
- бюджеттік сала мекемелеріндегі есепке алудың салалық ерекшеліктері (білім беру, денсаулық сақтау).

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасында экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде еңбек қатынастарын реттейтін жаңа «Еңбек кодексі» қолданысқа енгізілді. Оның тұжырымдамалық бағыты қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету және олардың арасындағы қатынастарды мемлекеттік өрісте регламенттеу дәрежесін айқындауға негізделеді. Бұл ретте еңбек қатынастарының көптеген параметрлері, ұжымдық шарттар мен түрлі деңгейдегі келісімдер жасасу негізінде қызметкерлер үшін жақсартылуы мүмкін деп болжайтын ұжымдық-шарттық реттеудің рөлі айтарлықтай күшейтілді [1].

Бюджеттік мекемелер ішіндегі еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында ұжымдық келіссөздер жүргізуді және олардың негізінде келісімдердің мынадай түрлерін жасасуды болжайтын әлеуметтік әріптестік жүйесіне негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері арасындағы бас келісімдер;
- тиісті қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар, жұмыс берушілердің өкілетті қызметкерлері мен салалық кәсіптік одақтар арасында жасалатын салалық келісімдер;
- жергілікті атқарушы органдар, жұмыс берушілердің өкілетті қызметкерлері және кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктері арасындағы өңірлік (облыстық, қалалық, аудандық) келісімдер.

Әріптестік келісімдердің қызметтік сатысынан басқа, еңбекақы төлеу мәселелері облыс немесе республикалық маңызы бар қала деңгейіндегі өңірлік үш жақты келісім мәніне енгізілген Қазақстандағы жалақыны қалыптастыру тетігінің өңірлік ерекшелігі жалақы құрудың әлемдік тәжірибесінде сирек кездесетін болып табылады. Әкімдіктің, облыстық кәсіподақтар кеңесінің және жұмыс берушілер мен кәсіпкерлердің жергілікті бірлестігінің қатысуымен үш жақты өңірлік комиссиялар мұндай келісімдерде еңбекақы төлеу бойынша, оның ішінде еңбекақы төлеу мен жалақының ең төменгі стандарттарын қамтамасыз ету бойынша бірлескен міндеттемелерді белгілейді [2].

Әлеуметтік әріптестік институтын пайдалана отырып, еңбекақы төлеуді детерминациялаудың сипатталған моделі барлық әлеуметтік әріптестердің белгілі бір салалардағы іс-қимылдарын тығыз үйлестірудің болуын көрсетеді және орталықтандырудың жоғары деңгейін сипаттауы тиіс. Шын мәнінде, жалақыны қалыптастырудың қазіргі жүйесін қатаң орталықтандырылған деп санауға болмайды. Әлеуметтік серіктестер, жекелеген сала деңгейінде, сала кәсіпорындары деңгейінде де, үкімет қаулысында көрсетілген жоғары салалық коэффициентпен айқындалатын еңбекақы төлеудің ең төменгі стандарты бола тұра, салалық еңбекақы төлеу белгіленген және салалық арттырушы коэффициенттерді қолдану кезінде де айтарлықтай бостандыққа ие болады. Осылайша, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша реформалар жүргізу мемлекет басшысы ұсынған ұлттық іс-қимыл жоспарында орталық орындардың бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі шет мемлекеттердің озық тәжірибесін және басқару мәдениетінің ұлттық дәстүрлерін ұштастырады.

Әдебиеттер:

1. Байдәулетов М., Байдәулетов С.М., Аудит: оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 214 б.
2. Қанышев А.Г., Бюджеттік ұйымдардағы аудит. — Алматы: «Экономика», 2014. – 145 б.

Канжанова Ж.К., 1 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекші – э.ғ.м., аға оқытушы Темирбекова Л.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖАЙЛЫ

Бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы мәселелері біздің еліміз үшін өзекті. Әлемдік дағдарыс жағдайында мемлекеттік кірістер мен шығыстардың барлық жүйесін қайта қарау, бюджеттің кіріс бөлігін кеңейту, салық саласының ашықтығын арттыру, шығыстарды оңтайландыру, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануды болдырмау қажет.

Мемлекеттік аудиттің миссиясы мемлекет пен қоғам атынан билік органдарының өздеріне сеніп тапсырылған қоғамдық ресурстарды басқару жөніндегі қызметіне тәуелсіз объективті жария бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанда мемлекеттік аудит институты жақында ғана пайда болды – Мемлекет басшысының 2015 жылғы 12 қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" және "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша" заңдарына қол қою арқылы.

Заңдардың негізгі мақсаты оларға қол қойылған сәтке дейін қолданыста болған мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің халықаралық тәжірибесі мен құқық қолдану практикасын ескере отырып, мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру болып табылады.

Мемлекеттік аудит идеялары мен оған тиісті институт біздің санамыз бен қазақстандық шынайылыққа негізделуі үшін қоғамдық дүниетанымға терең өзгерістер қажет. Азаматтар мемлекеттік аппараттың шенеуніктерінен олардың қызметі туралы және бюджет қаражатының қаншалықты үнемді және тиімді жұмсалатыны туралы есеп беруді талап ету құқығын көбірек түсінеді. Бұл ретте олар маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуға, сондай-ақ мемлекеттік аппарат іс-әрекетінің тиімділігі мен орындылығы туралы өз пікірін білдіруге дайын [1].

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың отандық жүйесінің трансформациялық процестері уақыт ағымымен сипатталады. Осы процестер шеңберінде қалыптастырылатын қағидалар мен тетіктер оған экономика саласында серпін, ұлттық мүдделерге барабар болуға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, мемлекеттік аудит қандай да бір сәйкессіздіктерді айқындай отырып, мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдаланудың себептерін, резервтерін және әлеуетін барынша бере отырып, тиімділікпен анықтайды. Заң жобасы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау жүргізуге бірыңғай талаптарды айқындауды көздейді, бұл бақылау органдарының жұмысын жүйелендіру үшін өте маңызды. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын жүргізуге тартылған жеке және заңды тұлғалар қолдануға міндетті.

Қазіргі халықаралық тәжірибеде ішкі аудит жүйесін ұйымдастырудың орталықсыздандырылған және орталықтандырылған үлгілері іске асырылуда.

Орталықсыздандырылған модельде әрбір министрлік бюджет қаражатының пайдаланылуына бақылау жүргізуге толық жауапты. Қаржы министрлігі министрліктердің ішкі аудит қызметтерінің стандарттарын әзірлеуді және қызметін үйлестіруді ғана қамтамасыз етеді.

Орталықтандырылған модель қаржы министрлігінің әрбір министрліктің кірістері мен шығыстарына тікелей бақылауымен сипатталады.

Осы бағыттағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында белгілі бір жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, мемлекеттік органдарда ішкі аудит қызметтері құрылып, дамуда. Қазақстан Республикасында жасалатын ішкі аудит жүйесі орталықтандырылған модельге жақын.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік органдардың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу, белгіленген түрдегі сәйкестік аудиті, сондай-ақ камералдық бақылау жүргізу бекітілген. Қазіргі уақытта "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды, ал оның аумақтық бөлімшелері ішкі мемлекеттік аудит департаменттері болып қайта аталды.

Сонымен қатар, аталған қызметтер барлық болып жатқан процестердің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалануы тиіс [2].

Ішкі аудит шеңберінде активтердің сақталуына егжей-тегжейлі бақылау ғана емес, сондай-ақ есеп, қаржы, салық салу және менеджмент сапасы саласында басшылық жүргізетін саясатты бақылау жүзеге асырылады. Сондықтан ішкі аудит түгел қамтитын, алдын алатын және стратегиялық мақсатты болуға тиіс деп болжанады.

Қорыта келе, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сыртқы және ішкі мемлекеттік аудиттен тұратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі қалыптастырылды деген қорытынды жасауға болады. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелендірілген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың тұтас жүйесінің пәрменді жұмыс істеуі үшін әлемдік оң тәжірибені қазақстандық практикаға бейімдеу қажет.

Әдебиеттер:

1. Зейнелғабдин А.Е., Республикамыздағы мемлекеттік аудитті енгізудің теориялық және практикалық мәселелері — Аудит: Арнаулы басылым, 2015. - 145 б.

2. Алмаздыкова Е.П., Мемлекетті аудит және оның дамуы — Астана: Агроиздат, 2013. — 156 б.

Касимова Д.К., 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.м, аға оқытушы Садуақасова М.Б.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ ЖШС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ

Жарғылық капитал – мемлекет, басқа меншік иесі немесе құрылтайшы берген кәсіпорын мүлкінің мөлшерін сипаттап көрсетеді және алғашқыда, шаруашылық жүргізуші субъектілерді құрғанда, өндірістік капиталды, материалдық емес активтерді, айналым қаражаттарын сатып алудың көзі болып табылады. Оның қаражаттары есебінен бұрын айтылғандай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасалады.

Жарғылық капиталдың мөлшері шаруашылық қызмет үдерісінде өзгеріп отырады: негізгі капиталға жұмсалатын күрделі жұмсалым, пайда есебінен болатын айналым капиталының өсімі, тауар материалдық құндылықтарды бағалауға дейінгі және капиталдың басқа толықтырылуы нәтижесінде көбейеді, негізгі құралдарды шығару немесе беру, оның тозығын есептеу, зияндарды шығару, тауар – материалдық игіліктердің бағасын түсіру есебінен көшеді.

Жарғылық капиталдың құрылуы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекс ережелерімен реттеледі. Ең төменгі мөлшері заңды тұлғалардың түрлі ұйымдық-құқықтық нысандары үшін ерекшеленеді:

- акционерлік қоғам 50000-АЕК ,
- ЖШС, қосымша жауапкершілігі бар ЖШС (Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері) -100 АЕК,
- ЖШС, қосымша жауапкершілігі бар ЖШС (шағын кәсіпкерлік субъектілері) - 0 АЕК ,
- толық серіктестік - 25 АЕК ,
- коммандиттік серіктестік - 50 АЕК[1].

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті құрған кезде оның құрылтайшылары жарғылық капиталды қалыптастырады, ол құрылатын кәсіпкерлік құрылымның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті айналым қаражатының бастапқы көлемінің функциясын орындайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 78-бабына және 1998 жылғы 22 сәуірдегі ҚР Заңының 23-бабына сәйкес "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер" салымдарын біріктіру жолымен құрылады және оның бастапқы (ең төменгі) мөлшері ЖШС-ны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) жүз мөлшеріне баламалы сомандан кем болмайды (2020 жылы АЕК 2651 теңгені құрады).

Жарғылық капиталына салым ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүлкілік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықтық және өзге де мүлік болып табылатын азаматтық құқық объектісі болуы мүмкін. Жеке мүлкілік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер (іскерлік бедел, авторлық құқық, дағды, іскерлік байланыстар, алимент алу құқығы және т.б.) түрінде салым енгізуге жол берілмейді[2].

Кесте 1

Жарғылық капиталының өзгерісі кезінде ЖШС әрекеті

Капиталды азайту	Капиталды көбейту	Өз үлесін немесе бір бөлігін сату	Қатысушының қайтыс болуы
ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысында жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылданған күннен бастап тиісті органға алты айдың ішінде қайта тіркеу туралы өтініш жазу немесе кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру туралы қажетті дәлелдемелер беру	Қатысушыларының жалпы жиналысында жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш ай ішінде мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарлау	ЖШС атқарушы органына сатудың болжамды бағасын көрсету арқылы өзінің қызығушылығы туралы хабарлау	Оның жарғылық капиталдағы үлесін азаматтық заңнама нормаларына сәйкес мұрагерлеріне беру

Бухгалтерлік есепте жауаркершілігі шектелген серіктестіктің жарғылық капиталын тіркеген кезде келесідей шоттар корреспонденциясы құрылады:

Дт 5110 Кт 5030

Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдарына келесідей шоттар корреспонденциясы беріледі:

Дт 1010,1030,2410,1330 Кт 5110

Қорытындылай келе, салымдар жарғылық капиталға заттай нысанда немесе мүліктік құқық түрінде ақшалай нысанда барлық ЖШС құрылтайшыларының келісімі бойынша немесе қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша бағаланады. Егер осындай салымның құны 20 000 АЕК-ке баламалы сомандан асып кетсе, оның бағалауын тәуелсіз бағалаушы-сарапшы растауы тиіс. ЖШС-нің салымы ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайда, осы салымның мөлшері құрылтай құжаттарында көрсетілген барлық мерзімге есептелген пайдалану төлемімен айқындалады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 24 желтоқсандағы №268-ХІІІ
2. Зейнуллина А. Ж. Ілгерілемелі қаржылық есеп: оқу құралы / А. Ж. Зейнуллина, А. А. Сарсенбаева, М. С. Искакова. - Алматы : ССК, 2018. - 164б

Касымова Н.А. – 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі - э.ғ.м., аға оқытушы Темирбекова Л.А.

САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ҰСЫНУ

Қазіргі уақытта кірістер басқармаларының қызмет барысында ең басты орын алып отырған мәселерінің бірі, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларын алдын алу мақсатында салық әкімшілігін электронды түрде өткізу болып отыр. Яғни салық есептіліктерін заңды түрде, мекеме бухгалтері жұмысын оңайлату, қағаз қиыншылықтарын жою, есептіліктерді уақтысында тапсыру мақсаттарына жету қажеті үшін және электронды салық есептіліктерін тапсыру болып отыр. Салық есептіліктерін электронды түрде тапсыру кезінде салық төлеушілерге қолайлы мынадай жағдайлар:

- салық төлеушілерге есептілік формаларын сатып алмай-ақ, оны сол ақпараттық бағдарламада шығарып алуға болады;
- салық есептіліктерін өз орындарында, яғни кірістер барсқармасына келмей жатып уақтылы интернет желісі арқылы тапсыра алады.
- өз қызмет жасау орындарында, кірістер барсқармасына келмей өз бет есептерін интернет желісі арқылы көре алады;
- интернет желісі арқылы салық өтініштерін бере алады.

Салық есептіліктерін электронды түрде тапсыратын салық төлеушілер қатарына қосылу үшін, салық органына арнайы өтініш беріп тіркеледі. Тіркеулі үшін арнайы өтініш беріп, кірістер басқармасымен келісім жасау арқылы жүзеге асады. Осылайша тіркеліп, кірістер басқармасынан арнайы криптографиялық кілт беріліп, сол криптографиялық кілт арқылы салық есептіліктерін электронды түрде тапсыра алады. Салық есептіліктерін тапсыру кезінде салық төлеуші салық органына келуі қажет болмайды. Егер де салық төлеушінің компьютерлік техникалары болмаса немесе интернет желісіне шыға алмаса, кірістер басқармасында осындай салық төлеушілерге жеңілдік жасау мақсатында арнайы компьютерлермен қамтамасыз етілген. Яғни кірістер басқармасында «Салық төлеушілер терминалы» бар.

Ақпараттық технологиялардың дамуы, интернет мүмкіндіктерін пайдаланудың кеңейуі ұсынылатын электронды қызметтердің, соның ішінде салық саласындағы қызметтердің де арнасын үнемі кеңейтіп отыруға ықпал жасауда. Бұл, ең алдымен, салық есептілігін өңдеу жүйесінің (СОНО) енгізілуімен, «Электронды үкімет» www.e.gov.kz веб-порталының, Web-қосымшасына «Салық төлеуші кабинеті» жұмыс істеуімен байланысты.

Мындаған салық төлеушілер декларацияларды қағаз түрінде тапсырудың дәстүрлі формасынан бас тартып, «электронды» салық төлеушілер қатарына өтіп, қазіргі ақпараттық технологиялардың сөзсіз басымдықтары барына көз жеткізіп үлгерді. Осыған орай барлық салық төлеушілерді электронды жолға өтуге асығуға шақырады.

Виртуалды «Салық төлеуші кабинеті» арқылы Интернет көмегімен декларацияларды электронды түрде тапсырудың оң тұстары айқын;

- мемлекеттік кірістер басқармаларына келмей-ақ декларацияларды компьютер арқылы тәуліктің кез келген уақытында, тіпті демалыс күндері мен мереке күндерінде де тапсыру мүмкіндігі,
- құжаттардың дұрыстығына кепіл болу,
- салық бланкілерінің жылдам жаңғыртылуы, жаңарған сайын бланкілерді сатып алуға қаражат шығындамау,
- қағаз жеткізгіште көшірме жасап, оны сақтаудың қажет еместігі,
- қағаз күйіндегі есептілікті сақтап, архив жасау қажеттігінің болмауы,
- салық бланкілерінің жылдам жаңғыртылуы, жаңарған сайын бланкілерді сатып алуға қаражат шығындамау.

Есеп беру электронды түрде жіберілетін жүйенің жеткізілуіне кепілдік беруі, ақпараттың рұқсатсыз қол жетімділігі мен берілетін деректердің сенімділігімен қамтамасыз етілуі маңызды фактор болып табылады. Электрондық қызметтерді қолдану арқылы салық төлеушілер өздерін мемлекеттік кірістер департаментіне қосымша барудан сақтайды және қызметтермен жұмыс жасау уақыты мен дағдыларын айтарлықтай үнемдейді. Салық төлеушілер мен салық органдарының өзара әрекеттесу процесі ақпаратты беру жүйесінің қауіпсіздігін арттыруға, сонымен қатар бағдарламалық жасақтаманың сенімділігін арттыруға және жақсартуға, оның функционалдығын кеңейтуге бағытталғандығын ерекше атап өткен жөн. Кез-келген салық төлеуші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық кодексінің www.kgd.gov.kz веб-сайтында оның жеткізушісінің қосылған құн салығы бойынша тіркелген-тіркелмегендігін тексере алады, өйткені егер оның жеткізушісі ҚҚС төлеуші емес екендігі анықталса, ҚҚС сомасы автоматты түрде төмендейді, бұл қосымша салықтар мен проценттердің алынуына әкеледі.

Былайша айтқанда, «электронды» салық төлеушілер мемлекеттік кірістер басқармаларының жұмыс режиміне тәуелді емес. Интернетке шыға алатын әр салық төлеуші ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің порталында рұқсат берілмеген қол сұғудан қорғалған жеке бөлім аша алады.

Сіз интернет арқылы өз виртуалды кабинетіңізге қосылып, кейін салық органында өңделу үшін салық есептілігі нысандарын электронды түрде толтырып тапсырасыз. «Салық төлеуші кабинеті» Web-қосымшасы интернетті ғана қолдана отырып, салық төлеушіге ыңғайлы кез келген жерден көптеген қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді, дәлірек айтсақ: салық есептілігі нысандарын дайындау мен тапсыру; хабарламалар алу; өңдеу сатыларын қарап шығу; бұрын тапсырылған салық есептілігі нысандарын іздеу мен қарап шығу; салықтар, басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар, айыппұлдарды есепке алу мен қайтару туралы салықтық өтініш беру; салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екені туралы электронды түрде сұрау салу; салық төлеушінің таратылуына байланысты құжаттық тексеріс жүргізу туралы салықтық өтініш беру; салықтық тексеріс нәтижелеріне шағым беру режимі (берілген шағымның қаралу сатыларын бақылау); мүлік салығы мен жер салығының сомалары туралы хабарламалар; тіркелген салық салу объектілері туралы ақпарат алу; камералды бақылау нәтижелері туралы хабарламалар; электронды құжаттар түріндегі салық

есептілігі нысандарының импорт/экспорты; жеке тіркеу мәліметтерін қарап шығу; дербес шоттарды қарап шығу, салыстыру актілерін алу, дербес шоттан көшіріп алу; кеден одағы шеңберіндегі салық есептілігін тапсыру (320, 328); алкоголь өнімдерін жіберу бойынша ілеспе жүкқұжаттарды есепте алу және т.б.

«Салық төлеуші кабинетінде» жұмыс істеу үшін криптографиялық кілт керек, ол ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің куәландырушы орталығымен беріледі.

«Салық төлеуші кабинеті» Web-қосымшасына www.cabinet.salyk.kz мекен-жайы бойынша кіруге болады. «Салық төлеуші кабинеті» интерфейсінің ыңғайлы көмек көрсету жүйесі бар, онда қызметтерді қолданудың мәтін форматында да, бейнеформатта да анық көрсетілген нұсқаулығы бар.

Дәл осылайша салық есептілігі нысандарын тапсыру бойынша қызмет көрсететін «Салық төлеуші терминалдары» әр аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларында жұмыс істейді. Сұрақтар пайда болған жағдайда, мемлекеттік кірістер басқармаларының мамандары кеңес беріп, көмек көрсетеді. Әрі бұл қызметтер тегін көрсетіледі, бұл да аса маңызды тұстардың бірі.

Әдебиеттер:

1. <https://old.elorda.info/kk/news/view/3429-salyq-eseptiligin-elektrondy-turde-t>
2. ҚР Салық Кодексі // adilet.zan.kz

Касымханова Г.С. - 2 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Қалымбетов У.К.

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Талдау тура мағынада, зерттеген объекті, құбылысты, мән-мағынаны бөліктерге, элементтерге бөліп, терең зерттеу болып табылады. Экономикалық үрдістерді зерттегенде шағын, бірліктік шаруашылық құбылысты, жағдайды зерттейді. Сол құбылыстардың, жағдайлардың жиынтығы шаруашылық үрдіс деп саналады. Шаруашылық үрдістер экономикалық талдау барысында, өзара байланыстарда, өзара тәуекелділіктерде зерттеледі. Байланыстарды, тәуекелділіктерді анықтау талдаудың маңызды әрекеті. Өйткені себептік байланыстар шаруашылық үрдістің негізін құрайды. Себепті факторлар зерттеліп, топтар бойынша жіктеледі: маңызды және маңызды емес, негізгі және жанамалық [1].

Басында маңызды факторлардың әсерін содан кейін екінші реттегі факторлардың әсері зерттеліп өлшенеді. Факторлардың әсерін өлшеу үшін арнайы экономикалық әдістер мен тәсілдер қолданылды.

Экономикалық талдаудың мақсаттарына келесілер жатады:

1. Бизнес жоспарларының және нормативтерінің ғылыми экономикалық негізделуіне жоғарылату.
2. Бизнес жоспарлардың және нормативтердің орындалуын объективті зерттеу және қадағалау.
3. Еңбектік, материалдық және қаржылық ресурстардың пайдалануының экономикалық тиімділігін анықтау.
4. Барлық өндірістік сатыларда ішкі шаруашылық резервтерді анықтау және оларды өлшеу.
5. Басқарушылық шешімдердің оптималдығын сынау [2].

Кәсіпорын шаруашылық қызметті талдаудың ұйымдастыруының формалары ақпарат құрамы және басқарудың техникалық деңгейімен анықталады. Экономикалық талдау экономикалық қызметтің міндетіне ғана емес, сонымен қатар техникалық бөлімшелердің міндетіне кіреді.

Шаруашылық қызметті талдаудың функцияларын бөлудің схемасын келесідей түрде болуы мүмкін:

1. Қаржылық бухгалтерия. Кәсіпорын капиталының қалыптасуының қозғалысының және тиімді қолданылуының ақша ауқымын, салықтарды, инвестицияларды, пайданың қалыптасуы мен оның қолданылуын, кәсіпорын қаржылық жағдайын оның қабілеттігін талдайды.
2. Басқарушылық бухгалтерия өндіріске кететін өнімнің шығындарын оның өзіндік құнын қаржылық нәтижесін жоспарлайды, есепке алады, және талдайды.
3. Жоспарлы экономикалық бөлімше талдаушылық жұмыстың жоспарын құрады. Оның орындалуын бақылайды. Кәсіпорынның дамуының перспективалық сұрақтарын талдаудың нәтижелігі ағымдық және перспективалық жоспарларды өнімдейді және түзетеді.
4. Өндірістік бөлімше – өнімде шығарудың көлемі, ассортименті, сапа жағынан жоспарының орындалуын талдайды.

5. Маркетинг бөлімі. Тұтыну нарығындағы тауарды ондағы орнын оның бәсекеге қабілеттілігін зерттейді. Кәсіпорынның бағалық және құрылымдық саясатын өндейді. Еңбек және еңбек ақы бөлімшесі. Еңбекті ұйымдастырудың жағдайын оның деңгейін көтеруге байланысты жоспардың орындалуын кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуін талдайды [3].

Шаруашылық қызметті талдаудағы жүргізудегі мұндай жұмыс оның кешенділігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы шаруашылық қызметті терең зерттеуге, қолданылмаған резервтерді толық шығаруға көмектеседі.

Шаруашылық қызметті талдауды жүргізгенде еңбек коллективтері басты рөлде. Олар әлеуметтік және экономикалық дамуда математикалық ресурстардың дұрыс қолданылуының бақылауда еңбек тәртібін қамтуда техника және ғылымның жетістіктерін игеруде еңбекті қорғауда еңбек жағынан жақсартуда оларға көп мүмкіндіктер берілген. Кәсіпорынның экономикалық жағдайын талдауда басқару органдарында орны зор. Бұл органдардың мамандары кәсіпорын шаруашылық қызметін зерттеуге және кешенді талдау жүргізуге құқылы.

Талдаушылық жұмысты жоспарлау. Шаруашылық қызметті талдаудың маңыздылығымен тиімділігінің маңызды шарты болып шаруашылық қызметті жоспарлау болып табылады.

Дұрыс құрастырылған кәсіпорынның жақсы нәтижесінің кепілі.

Шаруашылық қызметтің кешенді жоспары оны жүргізуге жауапты маманмен бір жылға өндіріліп жасалады. Онда талдау объектілерінің зерттеуге тиісті тізімі көрсетіліп, талдаудың мақсаты анықталады.

Содан соң, көрсеткіштердің жүйесі өңделеді. Жоспарда міндетті түрде әрбір объект бойынша талдауды жүргізудің мерзімділігі мен өткізу уақыты қарастырылады (жыл, квартал, ай). Жоспарда әрбір сұрақ бойынша орындаушылардың құрамы көрсетілуі тиіс. Жоспарда талдаудың ішкі және сыртқы пайдаланушылары көрсетіледі. Екінші жоспардың түрі тематикалық жоспар – бұл жоспар толық зерттеледі. Қажет ететін кешенді сұрақтар бойынша талдау жүргізеді. Онда талдаудың объектілері, субъектілері, мерзімі және орындаушылары көрсетіледі [4].

Әдебиеттер:

1. Абрютин М.С., Грачев А.В. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия.- М.: Дело и сервис, 1998
2. Ефимова О.В. Финансовый анализ.- М.: Бухгалтерский учет, 1998.
3. Ковалев В.В. Финансовый анализ: управление капиталом, выбор инвестиций, анализ отчетности.- М.: Финансы и статистика, 2000
4. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия.- М.: Инфра-М, 2003

Касымханова Г.С., магистрант (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Қалымбетов У.К.

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ АУДИТТІ ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТТІГІ

